# «2012 жылға ең үздік экологиялық ұсыным» байқауының жеңімпаздары жарияланды

Еңбек бөлімі, Қауіпсіздік техникасы, Қоршаған Ортаны Қорғау (ОТ, ТБ, ООС и КК) және Конкурс бөлімдері басшылығы КПО Б.В. компаниясының қызметкерлерін Қазақстанда 2007 жылдың 5 маусымынан атап өтілетін Бүкілодақтық Қоршаған Ортаны Қорғау күнімен құттықтады. Біріккен Ұлттар Ұйымы (ООН) 2012 жылы Қоршаған Ортаны қорғау күнін «Жасыл экономика: ал сен оның бөлшегісің бе?» деп атап, жер бетінде әрқайсымыз қоршаған ортаның тазалығын қорғауда өз үлестерімізді қосуға міндетті екендігімізді басып айтты. КПО компаниясы кен орнының басты операторы ретінде, өндірісті өндіру кезінде қоршаған ортаға кері әсері бар заттарды азайтуға әр кез үлес қосып келеді.

Бәрімізге белгілі, Бүкілодақтық қоршаған ортаны қорғау күніне 16 сәуір мен 21 мамыр аралығында Қауіпсіздік Техникасы, Қоршаған Ортаны Қорғау бөлімі басшылығы және Конкурс бөлімінің ұйымдастыруымен («2012 жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы» атты байқау жарияланған болатын. Бұл байқауымыздың мақсаты: барлық қызметкерлерді Қоршаған Ортаны Қорғаудағы кезіккен сұрақтарға көңіл аудартып, оны қорғауда өздерінің рационалды ұсынбаларын енгізулеріне мүмкіндіктер беру. Байқау кезінде 53 қатысушыдан 55 ұсынбалар түсті. Қоршаған ортаға зиянды ауаға шығарылатын заттарды азайтып, қалдықтарын тиімді пайдалануды жақсартып, сулы ресурстарды рационалды пайдалануда электр энергиясын тиімді пайдалануда, қоршаған ортаның проблемасымен хабардар етіп және қоршаған биоәртүрлілікті сақтап қалу бағытында көптеген ұсынбалар қабылданды.

Қоршаған ортаны қорғаудағы ұсынбалар сатыолы түрде бағаланды. Байқаудың соңғы шешімін жоғарғы басшылық өкілдері, өндіріс директоратының техникалық эксперттері, ЕБ, ҚО, ТҚ және де конкурс бөлімінен өз ісінің шеберлері әділ қазылар қойды.

Еңбек бөлімі, Қауіпсіздік техникасы, Қоршаған Ортаны Қорғау және Конкурс бөлімдері басшылығы барлық байқауға қатысушыларға алғыстарын айтып, үлкен қуанышпен жеңімпаздарды атады: Айтқали Әділшиев - Техникалық жабдықтау және өндіру бөлімі; Геннадий Айджанов - Техникалық жабдықтау және өндіру бөлімі; Абай Апахаев - Техникалық жабдықтау және өндіру бөлімі; Мендибай Хаким - Техникалық жабдықтау және өндіру бөлімі; Алексей Титов - Жалпы жобалау бөлімі; Павел Казанцев - инфрақұрылым және сервис бөлімі.

Сонымен қатар төмендегі қатысушылар аталып өтті: Жанар Кажидденова – Тұрақты даму бөлімі; Сауле Габденова - Қоршаған орта; Тимур Ишимов – Инженерлі жобалау бөлімі.



КПО компаниясының басшылығы байқаудың жеңімпаздарын құттықтап, қатысушыларға қоршаған ортаны қорғау компаниясын қолдап, байқауға қатысып көмек көрсеткені үшін үлкен алғысын білдірді.

# Еңбек бөлімі, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау (ОТ, ТБ И ООС) бойынша 2012 жылдың І тоқсанында жеңімпаздарды марапаттау

КПО Б.В. компаниясы 2012 жылдың І тоқсанындағы нәтижеге сәйкес, Еңбек бөлімі, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау (ОТ, ТБ И ООС) бағдарламасы бойынша жеңімпаздарды марапаттады.

Үздік бақылау – қауіпті фактор І орын (500$) – Исеналиев Эльдар (КПО, өндіру және скважинаны пайдалану бойынша оператор).

Эльдар РГП мен КПК арасындағы жолдың шетінде орналасқан күшті жел соғуы әсерінен жыртылып, қалқаннан үзілгелі тұрған ақпараттың қалқанның металдық негізі қызметкерлер мен көліктерге үлкен қауіп төндіретінін байқады.

Үздік бақылау – қауіпті фактор ІІ орын (250$) – Васильева Марина (КПО, химиялық лаборатория, химик-техник).

№3 жұмыс бөлмесінің табалдырығынан өткенде сүріну, жығылу қаупі болған еді. Қауіпті жағдай есік табалдырығы нығыздығының босап кетуінен туындаған.

Үздік бақылау – қауіпті фактор ІІІ орын (100$) – Жданов Владислав (КПО, қоймашы, аға қоймашы).

Владислав БМТО аумағында орналасқан АГС-тің жалға алынған мекемесінде орналасқан электроштабелер қуатын өткізуге арналған қақпаның жөнделмейтін жағдайда екенін, этап айтсақ, қақпаның екі жағындағы аспаның жұлынғанын анықтады. Оның қаупі жел тұрғанда олардың құлауы жарақаттануға әкелетіндігінде еді.

Үздік бақылау – қауіпті фактор – Мухатов Арман («Халибертон» компаниясы, скважина операциясы бөлімі, бұрғылау қоспасы бойынша инженер).

Арман жүк тиегіш көліктің көмегімен химиялық реагенттерді араластыру алдында жерден қозғалып тұрған сымды байқады. Бұл арматура жүк тиегіш көліктің дөңгелегіне кіруі немесе кездескен адамның



жарақаттануына әкелуі мүмкін еді.

Үздік бақылау – қауіпсіз тәртіп І орын (500$) – Бектасов Кубайдула (КПО, мұнай мен газды қайта өңдеу құрылғысының көмекші операторы).

Кубайдула түнгі уақытта №3 жолдың айналасындағы қарды тазалау кезінде К-701 тракторы газ құдықтарының бетон плитасы қозғауы немесе қардың астында көрінбейтін, жол бойында орналасқан дренажды каналға түсіп кетуі мүмкін екенін анықтады.

Үздік бақылау – қауіпсіз тәртіп ІІ орын (250$) – Янколов Юрий («Сайпар» компаниясы, бұрғылау шебері).

- Юрий БТ 3½ (бұрғылау трубасы) көтеру кезінде УМК (әмбебап механикалық кілт) кілтін пайдаланғанын анықтады.
- Бұрғышының көмекшісі кілттің жұмысы бағытында қуатын көбейтіп тұрды.
- Кілт бұрғылау трубасына бекітілер кезде ағытылып, бұрғышының көмекшісіне соғылуы мүкін.

Үздік бақылау – қауіпсіз тәртіп ІІІ орын (100$) – Сомервиль ДЕН («Сайпар» компаниясы, скважина операциясы бөлімі).

Ден артқы есіктен сигнал берушісіз қозғалмақ болған жүк көлігін байқады.

Үздік жүргізуші кәсібилігінің көрсеткіші – Казанцев Геннадий («Карьера» компаниясы, көлік бөлімі).

2012 жылдың ақпан айында көп көлемді қар түсуі кезеңінде ШРС (шнекороторлы қар тазалағыш) жүргізушісі Казанцев Геннадий белгіленген сызық бойынша жолды қардан тазалау үшін Үлкен Шаған және Атырау құбыры бойынша екі рет қатынады. Жүргізуші ысырмаларға кіру мүмкіндігін бере отырып, жұмыс процесінің тоқталмауын қамтамасыз етуде үлкен жұмыс атқарды.

АТР суперинтендантының атынан Геннадийға алғыс хат жіберілді.

Оқиғаны жою – Немышов Рустам («Шлюмберже» компаниясы, скважина операциясы бөлімі).

Рустам киім бөлмесінде жылытқыштың жанғанын байқады. Жалын қабырға мен еденге тараған.

Оқиғаны жою – Мукушев Кайрат, Сериков Асет («Группа 4» компаниясы, Инфрақұрылым және қызмет көрсету бөлімі).

2012 жылдың 24 қаңтарына қараған түні «Бехтель» ғимаратының оқу кабинеттерінің бірінде өрт дабылының іске қосылуының нәтижесінде электроконвекторлың жануы анықталды.

Қауіпсіздік біздің негізгі міндетіміз болып қала бермек. Сондықтан КПО компаниясының жұмыс жасау үшін қауіпсіз ету мақсатында Еңбек бөлімі, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктерді марапаттау жүйесін қолданады.

# Балалар саз мектебіне сыйлыққа тартылған рояль

Бөрлі ауданындағы балалар саз мектебі нағыз өнер ордасының шамшырағы . Ол 1962 жылы құрылғаннан осы уақытқа дейін жас жеткіншектерге сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келеді. Балалар саз мектебінің 8 бөлімі бар, 7-уі селолық округтерде, 1-уі қаламыздың 10-шы ықшам ауданында орналасқан. 43- ұстаз еңбек етеді, оның көпшілігі сол мектептің түлектері. Ұстаздар ұжымын айтар болсақ, 8-і жоғары санатты, 18-і бірінші және 8-і екінші санатты мұғалімдер. Балалар саз мектебі Батыс Қазақстан облысы бойынша көне мектептердің бірі, биыл өзінің 50-жылдық мерей тойын атап өтпекші.

Саз мектебінде тәжірибелі де өнерлі ұстаздар дәріс береді, олардың шәкірттері де талантты әрі еңбекқор балалар. Саз мектебінің көптеген оқушылары байқаулардың лауреаттары мен дипломанттары атанып, жүлделі орындарды иеленді. Бөрлі ауданының саз мектебі, өзінің түлектерінің жетістіктерін мақтанышпен айтуына толық негіз бар.

Саз мектебінің директоры Ж.М Нұрмұханова «Музыканы өзіне серік еткен саз мектебінің әр шәкірті, оның жай уақыт өткізу емес, үлкен еңбекті қажет ететінін жақсы түсінеді.Саз мектебінің тәрбиеленушілерінің еңбегі, шыдамдылығы мен төзімділігі, бірбеткейлігі мен еңбекқорлығы түптеп келгенде өзінің нәтижесін беретіндігі хақ. Оқу процесінің өз деңгейінде өтуі үшін, теориялық оқыту аздық етері сөзсіз, теорияға қосымша практикалық жұмыс жүргізіледі.Музыкалық аспаптар ескіріп, соңғы рет 1982 жылы сатылып алынған фортепиано да қолдануға жарамды уақытынан өтіп барады. Жақсы, кәсіптік музыкалық аспаптар кез-келген адамның қолы жете берметіндей, өте қымбат тұрады. 2011 жылдың аяғында Бөрлі саз мектебінің ұжымы пианино, домбыра, қобыз, флейта, скрипка, вокал секциясына қатысатын оқушыларға сапалы рояль аспабын сатып алуға көмек көрсетуін КПО компаниясынан өтінген болатын. Бүгінгі таңда саз мектебінде 300-ден астам оқушы білім алуда.

Саз мектебінің КПО компаниясына жолдаған өтініш хаты аяқсыз қалмай, компанияның демеушілік комитетінде қаралып, жақсы рояль аспабын сатып алуға қаржылай көмек туралы мәселе шешімін тапты. 2012 жылдың 17 мамырында Бөрлі ауданының саз мектебіне Рояль аспабын салтанатты түрде табыс ету жиыны болып өтті. Жас таланттардың үлкен қуанышын бөлісуге аудандық әкімдік өкілдері, «Нұр Отан» ХДП-ның қызметкерлері, КПО компаниясының тұрақты дамуды



қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері, қаламыздағы басқа да компаниялардың қызметкерлері және тәрбиеленушілердің ата-аналары қатысты. Жиналған халықтың зор қошеметімен ғажайып сыйлықтың лентасы қиылды. Болашақта бұл жаңа аспап саз мектебінің тәрбиеленушілерінің халықаралық, республикалық, облыстық және аудан көлеміндегі байқауларына қатысып, жүлделі орындар иеленулеріне өзінің зор үлесін қосады деп сенеміз.

Саз мектебінің түлектерінің бірі, байқауларға толықтай дайын болу, аспаптың пернелерін басу емес, музыкалық әуенді орындау кезінде пианино мен рояль аспаптарынан шыққан дыбыстардың айырмашылығын есту мүмкіндігі барын айтып өтті. Рояль аспабының салтанатты тұсау кесерінде саз мектебінің оқытушылары мен тәрбиеленушілері ең үздік деген шығармаларды орындап, өздерінің өнерлерін көрсетті. Акт залға жиналған халық, музыка – сиқырлы күш екендігіне көздері жетті, сөзсіз - жай дыбыстар арқылы ол әр бір жанды өзіне баурап алды.

Бөрлі ауданының балалар саз мектебінің атынан, осындай үлкен шараны ұйымдастыруға үлестерін қосқан мекемелерге алғыс хаттар табыс етіліп, балалар саз мектебінің өсіп-өркендеуіне өзінің көп үлесін қосып келген КПО компаниясына зор ықылас білдірілді. Әр қоғамда өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге қамқорлық көрсету басты міндет, соның ішінде КПО компаниясының үлесі зор. Балалар саз мектебінің ұжымы жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне қосып отырған үлесі үшін КПО Б.В. компаниясына шексіз алғыстарын білдірді.

# Балалар үшін мейірімді қала

Ақсай балалар үшін мейірімді қала болып танылды. Алматы қаласында өткен балаға мейірімді қалалардың ІІІ форумына қатысып қайтқан аудан әкімінің орынбасары Т.М. Сидық осы бағытта үш жылдан бері жұмыстанып келе жатқанын айтады.

- Талғат Мұстажапұлы, сапардан үлкен бір игі іс тындырып келген екенсіз. Алматыда өткен «Бала мен қала» қауымдағы өмір» атты республикалық форумда қандай мәселелер қозғалды?

Форум 17-23 мамыр күндері өткізілді. Елбасының Жолдауын жүзеге асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен БҰҰ Балалар қорының бала құқықтарын қорғау жөнінде ұйымдастырып отырған шараның маңызы ерекше. Бұл республика бойынша 3-ші рет өткізіліп отырған шара. Бұның барлығы болашақ ұрпақтың алаңсыз сапала білім алуы мен бақытты балалық шағы үшін жасалып отыр. Балалар мен барлық азаматтың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік жасайтын стратегия деп айтар едім.

Жалпы балаларға мейірімді қала деп атанып отырған дүниежүзінде 1000 қала болса, Қазақстанда он қала бар. Қазір тағы да 7 қала өтініштері мен ниеттерін білдіріп жатыр екен. Ақсай қаласы сол он қаланың тізіміне еніп, Батыс өңірінен жалғыз біздің қала кірді. Үш жылдан бері Ақсай балалар үшін мейірімді қала болуды мақсат тұтқан еді. Бұл жоба балалар құқығы туралы конвенцияның толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Өңірде Ақсай қаласы республика бойынша алғашқылардың бірі болып аталмыш халықаралық бастаманы қолдап, осы бағытта жұмыстануда. Бұл Президент Жолдауында берілген тапсырмаларға да байланысты, балалалардың құқықтарын қорғау жөнінде жақсы іс-шаралалардың жасалып жатқандығының бір айғағы екендігін ерекше айтқым келеді. Әрине, бұл істердің барлығы аудандық білім бөлімі мен мектеп мұғалімдері, ішкі істер бөлімімен және балабақша мұғалімдерімен бірлесе атқарылып жатқан мәселе. Форумда осы мәселелерді көтеріп, алға қойған мақсаттарды айқындадық. Осы жобаға қатысты арнайы әдістемелер, технологиялар мен ережелер шығарылды, стандарттар әзірленді. Үш күндік форум кезінде осы бағыттағы әлемдегі, республикамыздағы іс-тәжірибелерді тыңдадық. Енді оларды өзімізде жүзеге асыруға тырысамыз.

- Форумда көтерілген бала құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселелерді айқындап алған екенсіздер. Енді осы үлкен жоба аясында Ақсайда қандай шаруалар атқарылмақ?

- Нақтылап айтқанда, алаңсыз балалық шаққа жағдай жасау үшін ынтымақтастық стратегиясын жасау, қаланың барлық маңызды тіршілік саласында балаларға сапалы қызмет көрсетуді үйлестіру болып табылады. Сондай-ақ жеткіншектерді қоғамдық ұйымдарға, балалар мен жастар мәслихатына кеңірек тарту арқылы оларды әлеуметтік бейімдеу мәселесі де тұр.

Бала құқықтарын қорғаумен қатар олардың толыққанды дамуы үшін алда да жағдай туғызумыз қажет. Мысалы, қалада көптеген жерлерде көгілдір бағдаршамның қойылуы, балалардың басты көшелер мен мектепке өтетін жолдарға белгі қою мәселелері соңғы кездері қолға алынуда. КПО Б.В. компаниясымен бірлесе балалар арасында «Менің ауылым, менің Отаным» атты сурет салу байқауы ұйымдастырылып, бала қиялынан туған суреттер үлкен альбом болып шығарылды. Туған өлке, туған жер, қала, көше тазалығы туралы олардың салған суреттері арқылы олармен бірігіп, болашақта жұмыстар атқарылады. Яғни, тек біздің шешіміміз ғана емес, балалар арқылы тағы да нені өткізуіміз керек, міне осы шаруалар жасалады. Сонымен қатар қаладағы алты мектеп те толықтай сол жоба бойынша жұмыстануда. Ғ. Жәңгіров атындағы саябағы мен аурухана аралығында халықаралық талаптарға сай балалар алаңын салуды жоспарлап отырмыз. Бұл жерге мектеп жасындағы балалар ата-аналармен бірлесе әртүрлі шараларды өткізетін болады. Мәселе, қаржыға тірелгендіктен алдағы күн еншісінде болып отыр. Осыдан бірер ай бұрын ауданда білім беру саласының ұйымдастырған арнайы форумында балалар мәселесі күн тәртібіне қойылды. Сонда көршілес Зеленов, Тасқала аудандарынан келген делегация аудандағы білім саласындағы жобаларға қызығушылық танытып, қолға алуға ынталарын білдірді.

- Ауданда бала құқығын қорғау жөнінде қандай жұмыстар атқарылуда және балаларға қатысты проблемалар бар ма?

- Жоғарыда айтып өткендей, құқық қорғау органдарымен және әлеуметтік педагог, психологтармен бірлесе жұмыс атқарудамыз. Балалардың құқықтары қорғалмай жатқан айтарлықтай фактілер жоқ. Соңғы кездері жасөспірімдер қолымен жасалатын қылмыс айтарлықтай азайды. Дегенмен де қаламыз үлкен болғандықтан, әртүрлі ұлт өкілдері мекен етексін және кенді өңірге өзге елден жұмыс жасаушылар көп келетіндіктен жасөспірімдер арасында кейде «әттеген-ай» жағдайлар болып қалады. Кәмелетке толмаған балалармен қиындық туып жатады. Кейде ата-аналары жұмыссыз болса не болмаса бір-бірінен бөлек тұрады дегендей. Аудандық әкімдікте құрамында тиісті мекеме мүшелері бар комиссия сол балалармен алға қарай жағдайларын қалай шешеміз деген жолда жұмыстанады. Өткен жылмен бүгінге дейін өткен 51 отырыста олардың сабаққа қатысуы, ұсақ бұзақылық, ұрлық мәселесі қаралды. Не болғанда да баланы заңға тартып, жазалау емес, түсіндіру мәселесі бойынша жұмыстанамыз. Мәселен, сабаққа қатысқысы келмеген баланы мектеп мұғалімдерімен бірлесе тәрбиелеп, алдын алу шаралары жасалады. Әрине, «жасалмай жатыр немесе былай жасау керек» деп айтар ауызға оңай, дегенмен өсіп келе жатқан балалардың психологиясын шама келгенше өзгертпеу қажет, оған ғылыми тұрғыдан басқа жағынан қадам жасау керек деп ойлаймын.

- Балалардың денсаулығын нығайту барысында қандай шаралар жүзеге асуда?

- Өткен жылдан бастап әкімдік жанынан ана мен бала денсаулығы, өлім-жітімді азайту бағытында комиссия құрылған болатын. Комиссия төрағасы ретінде өзім барлық жиындарға төрағалық етіп, қатысып отырамын. Осыған орай тоқсанда бір рет жиналып, дөңгелек үстел ұйымдастырамыз. Сонымен қатар мектеп оқушыларын күніне бір мезгіл ыстық тамақпен қамту облыс бойынша біздің ауданда ғана жүзеге асырылып келе жатыр. Кешегі форумда осы мәселені ортаға салдым. Аудандық бюджеттен жылына 300 млн ақша бөлініп, 0-11 сынып оқушылары үш жыл қатарынан ыстық тамақпен қамтылып отыр. «Ас - адамның арқауы» демекші, өсіп келе жатқан ағзаға пайдалы екені даусыз.

Сонымен қатар аудан бойынша барлық мектептерде көлік бар. КПО Б.В. компаниясы арқылы әрбір мектеп өз автобустары мен ГАЗель көліктеріне қол жеткізді, білім саласында автобаза қалыптасты деуге болады. Форум барысында баяндамада болашақ ұрпақ жолындағы жұмыстарды баян еткен кезде БҰҰ өкілдері таңғалысып жатты. «Тіпті шалғай мектептерде де жағдай жасалуда ма?» деген сауал қойып, көпшілігі қызығушылық танытты. Себебі барлық жерде бірдей балаларға Бөрлідегідей жағдай жасалып жатқан жоқ.

- Ақсай балалар үшін мейірімді қала деп танылды. Осы жоба өз күшіне енді ме? Жұмыстар басталды ма?

- Балаға мейірімді қала деп танылып, форумның жоспарына толықтай ендік, алғышарты жасалды деп айта аламын. Алқалы жиында Елбасының бағдарламасына сай халықпен бірлесе атқарып жатқан жұмыстарға жиналғандар ризашылығын білдірді, олардың көңілдерінен шықтық. Қыркүйек айында Астанада тағы да жиын болмақшы. Осы жиында еліміз бойынша танылған балаға мейірімді қалаларды, оның ішінде Ақсай қаласы бар жоспарлар тағы бекітілмекші. Президент әкімшілігі өкілдерімен кездесу мәселесі жоспарланып отыр. Осы қыркүйек айында ғылыми жоба «Мейірімді қала» деп жарияланбақшы. Жобаға енген кездегі тағы бір артықшылығы, БҰҰ деңгейінде көптеген жұмыстар бірге атқарылатын болады.

- Болашақ пен ұрпақ үшін жасап жатқан игі істеріңіз жалғаса берсін! Әңгімеңізге рахмет.

# Білім алу - болашаққа апарар жол

Орал қаласында балалар үйінің жиырма тәрбиеленушісі «Би Джи Қазақстан» және IBC Group-тің әлеуметтік бағдарламасы аясында ұйымдастырылған компьютерлік курс аяқтағаны жөніндегі сертификатқа ие болды.

3 мамыр күні «Би Джи Қазақстан» және IBC Group компаниялары «Жас Даурен» балалар үйінің 9-11 сыныптарын компьютерлік сауаттылыққа баулуы бойынша сегіз жылдан бері өткізіп келе жатқан оқыту бағдарламасының бітірушілеріне сертификат табыстау салтанаты өткізілді.

«Би Джи Қазақстан» компаниясы мұрындық болған жобаның мақсаты - балаларды бағынышсыз өмір сүруге дайындау, алған білімін жоғары оқу орнында жалғастыру, тұлғаны шығармашылық жағынан дамыту, сондай-ақ балалар үйі тәрбиеленушілерін әлеуметтік бейімдеу болып табылады.

Жанар Жакеева, «Би Джи Қазақстанның» корпоративтік саясаты жөніндегі кеңесшісі: «Жас дәурен» балалар үйі түлектерінің компьютерлік сауатын ашып, тілдерді үйренуі біз үшін үлкен маңызы бар іс. «Би Джи Қазақстан» компаниясы жастардың болашақта қиналмай жұмысқа қабылдану мүмкіндігін жақсартуға және өмір дағдыларына бағытталған техникалық білім саласындағы жобаларға қуана қолдау көрсетеді. Біз сегіз жылдан бері қолдау көрсетіп келе жатқан бұл жоба балалар үйі балаларының әлеуметтік бейімделу мәселесін шешуде оларға үлкен өмір жолындағы қоғамға анағұрлым дайын болуына мүмкіндік бере отырып, айқын үлес қосады деген үміттеміз»

Осы оқу жылында балалар компьютерлік курсты қауіпсіздік техникаларын, Microsoft Office қосымшалары: Word, Excel, Power Point-ты кәсіби пайдалану элементтерін үйренуден бастады, Adobe Photoshop, Adobe Corel Draw, Adobe Page Maker бағдарламаларымен жұмыс істеді. Тәрбиеленушілер айына екі рет Internet-ті оқып үйренді, іздеу жүйелерімен жұмыс істеді. Электронды пошта (e-mail) ашып, электронды поштадан мәліметтерді тіркеуді, сақтауды, жоюды, жіберуді және т.б. оқып білді. Электронды поштаны рәсімдеуді: беттегі мәтіндерді, анкеталарды жөндеу, фотосуреттерді қосу және т.б. үйренді.

-Кешен тәрбиеленушілері арасында жыл сайын тест жүргізе отырып, біз оларға іріктеу өткіземіз. Іріктеуден өткен балаларды мектеп бітіргесін әрі қарай оқуына көмек береміз, - деп атап өтті IBC Group ЖШС-нің директоры Суербаев Шайдулла Хамитұлы, - жобаның жүзеге аса бастаған сәтінен бері 236 оқушы бітіргені туралы сертификатқа ие болды. Бағдарламаның жеті үздік түлегі облыстық жоғары оқу орындарында білім алуға «Би Джи Қазақстанның» арнайы стипендиясына тағайындалды. Олардың төртеуі оқуды аяқтады және жұмысқа орналастырылды. Қалғандары оқуын жалғастыруда. Биылғы жылы сертификаттар жобаның 20 қатысушысына табыс етілді. Ал,Утигалиев Сергей осы жылдың үздік түлегі ретінде «Би Джи Қазақстан» тағайындаған БҚО жоғары оқу орнында жоғары білім алу грантының иегері атанды. Ендігі кезекте оған тек ҰБТ-ны жақсы тапсыру керек.

Балалар кешені тәрбиеленушілеріне сертификат тапсыру салтанатына қалалық білім бөлімінің өкілдері, жобаның ұйымдастырушылары мен жаттықтырушылары, сондай-ақ, өткен жылдың түлектері: Болат Нарешов, Ольга Парамонова, Мария Суетина, Жанаргуль Журсинова қатысты.

Жоба қатысушылары сертификатпен қатар бағалы сыйлықтар да иемденді. Балалар кешенінің әкімшілігі және тәрбиеленушілерінің күшімен қазақша және ағылшын әндері шырқалған, өлеңдер оқылған, ұлттық киім үлгісіндегі билер қойылған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мереке соңында жобаның ұйымдастырушылары тәтті дастархан әзірледі.

«Би Джи Групп» плс. қызмет стратегиясы ерекше маңызды нарықтарға тиімді бағамен ресурстарды жеткізуге бағытталған алдыңғы қатарлы халықаралық энергетикалық компания болып табылады. Өз қызметін бес құрлық бойында 25 әлем елдерінде жүзеге асыра отырып, «Би Джи Групп» көмірсутек, сұйылтылған табиғи газды (СТГ) барлау және өндіру, көмірсутекті тасымалдау, жеткізу және электр қуатын өндіру саласында көптеген жобаларды жүзеге асыруға қатысады. Компания стратегиясы өз құрамында газ нарықтары жөнінде терең білім мен кен орындарын барлау және коммерциализациялау саласында тәжірибемен дәлелденген жұмыс көрсеткіштерін үйлестіреді.

«Би Джи Қазахстан» Қазақстанда өз қызметін 20 жылдан бері атқарып келе жатқан «Би Джи Групп»-тің бір бөлімшесі болып табылады. Компания Қазақстанның батысындағы Қарашығанақ мұнайгазконденсациялау кен ошағының бірлескен операторы болып табылады және қазақстандық мұнайды әлемдік рынокқа шығаратын Каспий тұрба жүргізу консорциумы акционерлерінің құрамына кіреді.

IBC Group ЖШС 2001 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал қ. кәсіпкерлікке және әлеуметтік бағдарламаларға қолдау көрсету мақсатында құрылған. Компанияның кереметтілігі қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен басқарудың халықаралық тәжірибесін қолдануы болып табылады. 2006 жылдан бері IBC Group ЖШС - Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. мердігері. IBC Group мамандары КПДЛ Лондондық кеңсесіндегі ДРП үшін интернат-сайт арасындағы КПО құрылымдық бөлімшелеріне арналған жиырма екі сайтты жақсы деңгейде әзірлеп шығарды және іске қосты, сондай-ақ, порталдағы түрлі веб-қосымшаларды жасап шығарды.

IBC Group ЖШС «Би Джи Қазақстан» компаниясымен бірге 2004 жылдан бері балалар үйі тәрбиеленушілерін оқыту бойынша «IBC GROUP»/«BG Kazakhstan» әлеуметтік жобасын жүзеге асырып келеді. Сонымен қатар, «Би Джи Қазақстанмен» бірге IBC Group әлеуметтік жоба аясындағы БҚО кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету мақсатында АҚШ, Шотландияның жоғары білікті жаттықтырушыларының, USAID CARANA, ПРАГМА, Әлем Корпусы сарапшыларының тартылуымен шағын және орта бизнес тұлғалары үшін түрлі тақырып бойынша Mini MBA сериясының тренингтерін жүйелі түрде өткізіп келеді.